

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Білім беру үйимдарында қамқоршылық кеңестерін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына байланысты қоғамдық кеңестің мүшелерінің қатысуымен откізілген отырысы

№ 3 хаттама

Шағалалы ауылы

30 қараша 2021 жыл

Катыскандар: адам

Күн тәртібінде:

1. Шағалалы негізгі мектебінің бос тұрған лауазымына директор тағайындау туралы

Тындалды:

Шағалалы негізгі мектебінде 2021 жылдың 30 қараша күні мектептегі қамқоршылық кеңес ұйымының «Орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру үйимдарының басшыларын конкурстық орналастыру және мемлекеттік мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және косымша білім беру үйимдарының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2020 жылдың 21 мамырдағы №213 бұйрығының 74 тармағына сәйкес директор лауазымының бос тұрған орнына директор тағайындау туралы отырысы болып өтті.

Отырысты қамқоршылық кеңестің төрағасы И.Иманалиева ашып, ұйым мүшелері мен отырыска қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып отті.

Бірінші болып сөз алған С.Сейфуллин атындағы орта мектебі директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары, бос тұрған директор лауазымына үміткер Ж.Қ.Шағырбаева өзінің перспективалық даму жоспарымен таныстырып отті.

Даму бағдарламасы 2022-2026 арналған даму жоспарына негізделген. 5 жылда атқаратын және күтілетін нәтижелер алынған. 16 бөлімнен, 3 кезеңнен тұрады. Басқару жүйесіндегі 15 күтілетін нәтижесін және мақсатты крийтерйлерін атап шықты.

Мектептің білім беру жүйесінің даму әлеуетін анықтау үшін оның күшті және әлсіз жактарын (ішкі факторлар), оның дамуының перспективалық мүмкіндіктері мен тәуекелдерін (сыртқы факторлар) анықтау үшін SWOT талдау жүргізілетіндігін, мықты тұстары мен әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен қауіп-каторді толық атап шықты. Ең бастысы ата-аналар комитетімен тығыз байланыста болу керектігін айтты.

Жұмакүл Қойлыбайқызы өз сөзін ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин айтқандай «Мектептің жүргегі – мұғалім. Мектепке ең керегі: білімді басшы, білімді мұғалім», -деп қорытындылады.

Сөйлегендер:

К.Ыдырысова –мектепті дамыту жоспарың бойынша жақсы жұмыс істеуіңе тілектеспін. Жұмысыңа табыс тілеймін

М.Жаманқараев-«Жас келсе іске»-деген келешекте атқаратын жұмысың табысты, жемісті болсын. Мектеп аудан мектептері ішінде жақсы мектеп, жылы, таза. Мектепті келешекте биіктерден көре берейік.

И.Иманалиева- карсылығым жоқ, мектеп басшысыз болмау керек. Бірігіп жұмыс атқарайық. Болашакта енбегінізге табыс тілеймін.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткізілген отырыстың шешімі:

Шағалалы негізгі мектебінің бос тұрған директорының лауазымына Ж.Қ.Шағырбаева облыстық білім беру басқармасына ұсынылған.

| | | |
|-----------------------------|----------------------|----------------|
| Қамқорнылық кеңес төрайымы: | <i>Негізгі</i> | И.Иманалиева |
| Мүшесі: | <i>Б.Тұрсынбеков</i> | К.Ыдырысова |
| Мүшесі: | <i>М.Жаманқараев</i> | М.Жаманқараев |
| Мүшесі: | <i>Т.Тойымбеков</i> | Б.Тұрсынбекова |
| Мүшесі: | <i>С.Өсеров</i> | Т.Тойымбеков |
| Мүшесі: | <i>А.Ордабаев</i> | С.Өсеров |
| Хатшы: | <i>Ж.Аманбаева</i> | А.Ордабаев |
| | | Ж.Аманбаева |